

**ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ БАСҚАРМАСЫНЫҢ
«ТҮЛКІБАС АУДАНДЫҚ ОРТАЛЫҚ АУРУХАНАСЫ» ШЖҚ МҚҚ**

ХАТТАМАСЫ № 2025/2

«09» маусым 2025 жыл

Т.Рысқұлов ауылды.

Түркістан облысы денсаулық сақтау басқармасының «Түлкібас аудандық орталық ауруханасы» ШЖҚ мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны мәжіліс залында: **Сыбайлас жемқорлық қарсы іс-қимыл туралы заңнама талаптарын сақтау мәселелері және сыбайлас жемқорлықты алдын алу мақсаты бойынша** кезектен тыс жиналыс өткізілді.

Түлкібас аудандық орталық ауруханасының басшының медициналық қызмет сапасын бақылау жөніндегі орынбасары Б.Е.Курманбеков төрағалық етіп, басшысының орынбасарлары мен барлық әкімшілік бөлімі (*Мамандар бөлімінің басшысы, инспекторлары, Жоспарлау және экономика бөлімінің басшысы, Мемлекеттік сатып алушы бойынша бухгалтер*), бөлім менгерушілері, аға дәрігерлермен, дәрігерлер БМСКО, Да, ФАП, МП және аға мед.бикелермен мейірбикелер қатысып ақпараттық-түсіндіру шарапарын өткізді.

КҮН ТӘРТІБІ:

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес және алдын алу мәселесі бойынша»

Тақырыптары:

1. Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының 2022 – 2026 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту және Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарына өзгерістер енгізу туралы (Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 2 ақпандығы № 802 Жарлығы);
2. Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексі (Қазақстан Республикасының Кодексі 2015 жылғы 23 қарашадағы № 414-V ҚРЗ);
3. Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің әдеп кодексі (Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы № 153 Жарлығы).

Түлкібас аудандық орталық ауруханасының басшының медициналық қызмет сапасын бақылау жөніндегі орынбасары Б.Е.Курманбеков төрағасы Қазіргі уақытта, денсаулық сақтау ұйымдарындағы сыбайлас жемқорлық өзінің ақырына жетуде, өйткені халыққа медициналық көмек көрсету «пациентке бағдарлану» деп аталатын жаңа деңгейге көтерілуде. Тұрғындарға медициналық көмек көрсетуді жақсарту үшін сыбайлас жемқорлық ұғымын жою қажет, аудандық орталық аурухана қабырғасында сыбайлас жемқорлықтың дамуына қолайлы жағдайдың жасалуына барынша бетін қайыруда. Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу онымен құрестің ажырамас бір бөлігі болып табылады. Қазақстан Республикасында азаматтық мемлекетті құру жолында әрбір азамат осы кеселге қарсы құрестегі өзінің ролін тұтастай мойындауы және бұл ұғымды жоюда мейлінше ат салысуы тиіс. Сондықтан сыбайлас жемқорлықпен күресу барлық Қазақстан Республикасы азаматтарының азаматтық борышы деп білу керек екенің айтып, Қазақстанның мемлекеттік саясатының негізгі басымдықтарының бірі сыбайлас жемқорлықпен күрес деп сөзін тамамдап баяндамашыға сөз берді.

Түлкібас аудандық орталық ауруханасының заңгері кеңесші М.М. Дүйсенбаев бірінші тақырыбы бойынша: Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 2

ақпандағы «Қазақстан Республикасының сыйбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының 2022 – 2026 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту және Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарына өзгерістер енгізу туралы» № 802 Жарлығымен таныстырып және жемқорлықтың алдын алу бойынша Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2022 жылғы 2 ақпандың жарлығымен Қазақстан Республикасының 2022-2026 жылдарға арналған сыйбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының тұжырымдамасын бекітті. Құжатта ағымдағы жағдайға талдау жасалып, алдағы жылдарда шешілетін міндеттер айқындалған. Тұжырымдама зардалтармен күрестен сыйбайлас жемқорлықтың алғышарттарын жүйелі түрде жоюға, жауапкершіліктің бұлтартпастығын қамтамасыз етуге, қоғамдық сананы түбегейлі өзгертуге тұластай алғанда, сыйбайлас жемқорлыққа қарсы саясат сыйбайлас жемқорлық экономикалық және беделі жағынан тиімсіз болатын жағдайларды жасауға бағытталған туралы қыскаша түсінік беріп, денсаулық сақтау үйымдарындағы сыйбайлас жемқорлық өзінің ақырына жетуде, өйткені халыққа медициналық көмек көрсету «пациентке бағдарлану» деп аталатын жаңа деңгейге көтерілуде. Тұрғындарға медициналық көмек көрсетуді жақсарту үшін сыйбайлас жемқорлық ұғымын жою қажет, аудандық орталық аурухана қабыргасында сыйбайлас жемқорлықтың дамуына қолайлы жағдайдың жасалуына барынша бетін қайыруда. Сыйбайлас жемқорлықтың алдын алу онымен күрестің ажырамас бір бөлігі болып табылады. Қазақстан Республикасында азаматтық мемлекетті құру жолында әрбір азамат осы кеселге қарсы күрестегі өзінің ролін тұластай мойындауы және бұл ұғымды жоюда мейлінше ат салысуы тиіс. Сондықтан сыйбайлас жемқорлықпен күресу барлық Қазақстан Республикасы азаматтарының азаматтық борышы деп білу керек екені туралы айтылды.

«Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы курес туралы» Заң талабының аясында жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттер әр салада жүзеге асырылып келеді. Соның ішінде, халық парапорлық дертімен жиі бетпе-бет келеді. Сондықтан кез-келген ортада пара беру мен пара алушың жолын кесуде қоғам болып белсенділік танытуымыз керк. Парапорлық мемлекеттік органдардың тиісті қызмет атқаруына кері әсерін тигізіп, беделіне абырайсызың ұялатады, заңды қағидаларды теріске шығарып, азаматтардың конституциялық құқықтары мен заңды мүдделерінің бұзылуына тұрткі болады. Қазіргі танда қоғамымызға қауіп төндіріп, орасан кесел келтіретін осынау келеңсіз әлеуметтік құбылысқа қарсы шаралар қатаң қолға алынып жатыр. Жемқорлықпен курес арнағы дайындалған мемлекеттік бағдарлама негізінде жүзеге асырылуда. Еліміздің өркениетін дамытқысы келетін, өз ортасын құрметтейтін әрбір азамат мемлекеттің ішіндегі тәртіпті белгілі бір жүйеге келтіруге, ел ішіндегі қауіпсіздікті қамтамасыз етуге мүдделі және оның алдындағы басты парызы. Қоғаммен бірге өркендер, етек жайып, етене сіңісіп келе жатқан бұл кеселдің тереңнен құлаш жаймауына өз үлесімізді қосу және оған тосқауыл болу-біздің басты міндетіміз.

Екінші тақырыбы бойынша: Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі Қазақстандағы қызметкерлер мен жұмыс берушілер арасындағы еңбек қатынастарын реттейтін негізгі заңнамалық акт болып табылады. Онда еңбек шарты тараптарының құқықтары мен міндеттерін, еңбек жағдайларын белгілеу және өзгерту тәртібін, кепілдіктер мен өтемақыларды, көтермелеге мен айыппулдарды, сондай-ақ еңбек құқығының басқа да мәселелерін анықтайтын нормалар қамтылған. Еңбек кодексі еңбек қатынастарын реттеу, жанжалдарды болдырмау, қызметкерлер мен жұмыс

берушілердің құқықтары мен мұдделерін қорғау үшін қажет. Бұл еңбек процесінің барлық қатысушылары, соның ішінде жұмысшылар, жұмыс берушілер, кәсіподақтар, мемлекеттік органдар және басқа да мұдделі тараптар үшін маңызды.

ҚР ЕК мақсаттары мен міндеттері: Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің мақсаттары мен міндеттері жалпы алғанда мынадай негізгі элементтерді қамтиды:

Мақсаттар: Жұмысшылардың күкіткіштерін қорғауды қамтамасыз ететін әділ еңбек жағдайларын орнату және қолдау. Қызметкерлер мен жұмыс берушілер арасындағы қарым-қатынасты реттеу, сондай-ақ әлеуметтік серіктестер арасындағы диалог үшін негізді қамтамасыз ету. Еңбек саласындағы адам мен азаматтың негізгі күкіткіштері мен бостандықтарын құрметтеу, еңбек қатынастарында тенденциялардың және кемсітушлікке жол бермеуді қамтамасыз ету. Экономикалық өсу мен әлеуметтік дамуға ықпал ететін өнімді және үйлесімді еңбек қатынастарына жәрдемдесу.

Тапсырмалар: Еңбек заңнамасының жалпы принциптері мен нормаларын анықтау. Қызметкерлер мен жұмыс берушілердің құқықтары мен мүдделерін қорғау. Еңбек және әлеуметтік әріптестік саласындағы халықаралық стандарттарға сәйкестікті қамтамасыз ету. Еңбек шартын, жұмыс уақытын, демалыс пен демалысты, еңбекақыны, қауіпсіздік техникасын және еңбекті қорғауды қоса алғанда, еңбекті басқару және үйымдастыру мәселелерін реттеу. Еңбек даулары мен жанжалдарды шешудің негізін қамтамасыз ету.

Қазақстан Республикасының Еңбек кодексін білу әрбір қызметкерге еңбек қатынастары процесінде өз құқықтары мен мүдделерін қорғау үшін пайдалы. Жұмыс берушілер үшін Кодексті білу еңбек заңнамасын бұзуды және ықтимал санкцияларды болдырмау үшін де маңызды. Қазақстанның Еңбек кодексі еңбек қатынастарын реттеуде, жұмысшылар мен жұмыс берушілердің құқықтарын қорғауда басты рөл атқарады. Ол еңбек процесін ұйымдастырудың, еңбек қатынастарының барлық қатысуышыларының мүдделерінің теге-тендігін қамтамасыз етудің нормативтік базасы қызметін атқарады. Оның нормаларын білу және сақтау – адаптацияның өнімді еңбекті орнатудың таптырмас шарты. Еңбек Кодекс азаматтардың Қазақстан Республикасындағы еңбек бостандығына конституциялық құқығын іске асыру процесінде туындайтын еңбек қатынастарын реттейді. Еңбек – адамдардың өмір үшін қажетті материалдық, рухани және басқа да құндылықтар жасауға бағытталған адам қызметі. Еңбек қатынастары – тарараптардың әдетте жеке еңбек және ұжымдық шарттар негізінде белгілі бір еңбек қызметін жүзеге асыру жөнінде туындайтын жұмыс беруші мен қызметкер арасындағы қатынастар. Жұмыс берушінің актілері – жұмыс берушінің (жұмыс берушілер өкілінің) шығаратын актілері (бүйрықтар, өкімдер, нұсқаулықтар, ішкі еңбек тәртібінің ережелері) болып табылатыны туралы қысқаша айтып өттіп.

Үшінші тақырыбы бойынша: КР Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы №153 Жарлығымен Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің әдеп кодексі бекітілді. Әдеп кодексі жалпы ережелер, мінез-құлықтың жалпы стандарттары, қызметтен тыс уақыттағы мінез-құлық, қызметтік қатынастардағы мінез-құлық және көпшілік алдында, оның ішінде бұқаралық ақпарат құралдарында сөйлеумен байланысты мінез-құлық стандарттары деп аталған бес бөлімнен тұрады. Әдеп кодексінің басты міндеті – сыйлас жемқорлықтың алдын алуға және қызметтік әдеп нормаларын бұзушылықтардың, оның ішінде мемлекеттік қызметке кір келтіретін тәртіптік теріс қылықтардың профилактикасына бағытталған ішарааларды әзірлеу, мемлекеттік қызметшілердің мемлекеттік әдепті сақтаудағы

жауапкершілік деңгейін арттыруды қамтамасыз ету жөніндегі шараларды қабылдау, әдеп жөніндегі уәкілдердің қызметін үйлестіру және мемлекеттік органдардың тәртіптік комиссияларымен өзара іс-қимыл мәселелері бойынша ұсынымдар мен ұсыныстар әзірлеу болып табылады. Әдеп кодексіне сәйкес Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметшілерінің моральдық-адамгершілік бейнесіне және іскерлік қасиеттеріне қойылатын талаптар күшіне тусты. Мемлекеттік қызметшілердің сырт келбеті олардың қызметтік міндеттерін орындау кезінде мемлекеттік аппараттың беделін нығайтуға ықпал етуге, іскерлікпен, ұстамдылықпен және ұқыптылықпен ерекшеленетін жалпы қабылданған іскерлік талаптарына сай болуға тиіс. Қызметтен тыс уақытта мемлекеттік қызметшілер жалпы қабылданған моральдық-әдептілік нормаларын ұстанып, қоғамға жат міnez-құлық, оның ішінде қоғамдық орындарда адамның қадір-қасиетін және қоғамдағы адамгершілікке нұқсан келтіретін масаң күйде болу жағдайларына жол бермеуге тиіс. Көшілік алдында, оның ішінде бұқаралық ақпарат құралдарында сөйлеумен байланысты міnez-құлық стандарттары мемлекеттік орган қызметінің мәселелері бойынша көшілік алдында сөйлеуді оның басшысы немесе мемлекеттік органның бұған уәкілеттік берілген лауазымды адамдары жүзеге асырады. Кодекс халықтың мемлекеттік органдарға сенімін нығайтуға, мемлекеттік қызметте өзара қарым-қатынастың жоғары мәдениетін қалыптастыруға және мемлекеттік қызметшілердің әдепсіз міnez-құлық жағдайларының алдын алуға бағытталған. Бүгінгі таңда мемлекеттік қызметшілердің әдебі мен міnez-құлықтарына үлкен мән берілуде. Сондықтан, мемлекеттік қызметте үлкен жетістіктерді бағындыруды көзделген әрбір мемлекеттік қызметші Әдеп кодексін және «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Зандарының талаптарын сақтап, мемлекеттік қызметті адаптациялық қажет. Сондықтан біздің қоғамда сыбайлас жемқорлыққа орын жоқ. Сондықтан сыбайлас жемқорлықпен күресу барлық Қазақстан Республикасы азаматтарының азаматтық борышы және адамгершілік міндеті, парызы деп білуге керек. Әрбір азаматтың ар-ожданы, мемлекеттік мұддені жоғары қоюы – жемқорлыққа қарсы күресте басты көрсеткіш болуы тиіс. Бұл парызды ең әуелі мемлекеттік қызметшілер сезіне білуі қажет екендігі туралы толыққанды мәлімет береді.

Жоғарыдағы аталғандардың негізінде қортындылай келе, медициналық үйымдардың басшысы, орынбасарлары мен барлық әкімшілік бөлімі, бөлім менгерушілері, аға дәрігерлермен, дәрігерлер және аға мейірбикелер, мейірбикелер тікелей жаукершілігімен КР «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс – қимыл туралы» заңын басшылыққа ала отырып, басқарып отырған мекеменің жалпы жүйесінде өз құзыреті шегінде талаптарын орындалап, онда көзделген тәртіптік шара қолдана отырып, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жүргізуге және сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметіне көмектесуге міндетті екені айтып Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар үшін жауапкершілік Қылмыстық Кодексте және «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» кодексте көзделгендей туралы екенің айттып, тансытырылды.

Бандамашыға сұрақтар беріліп, оның барлығына да толық жауап қайтарылды.

Мәжілістің төрағасы:

Хатшы: ТАОА заңгері кеңесші

Б.Е.Курманбеков.

М.М. Дүйсенбаев.